



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 374.6

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КӨБЕЕВТИҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Турдалиева Айжан Балабековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
«Қосағаш» жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазақстан
Е – mail: t.ayzhan – 77@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада халық ағарту жұмысын бірінші рет қолға алған, сол жолда өмірінің ақырына дейін үздіксіз еңбек еткен жалынды патриот Ы.Алтынсариннің Қазақстандағы білім беру жүйесін қалыптастыруға қосқан үлесін талдау. Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің білім берудің заманауи бағытындағы ағартушылық идеяларының үндестігін анықтау. Қазақ халқының ұлы перзенті Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде оқу – ағарту ісін жүзеге асырып, тұңғыш халық ағартушысы атанып қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсетті, бүгінгі күнде білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсариннің жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы – демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой – пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды.

Түйінді сөздер: ағарту жұмысы, оқу – тәрбие, тұңғыш, ағартушы, ой – пікір, ұрпақ тәрбиелеу, негізгі ұстанымдар, білім беру жүйесі.

Аннотация

В статье анализируется вклад пламенного патриота И.Алтынсарина в формирование системы образования в Казахстане, который впервые взялся за народное просвещение и на этом пути непрерывно трудился до конца своей жизни. Великий сын казахского народа Ибрай Алтынсарин, осуществляя просветительскую деятельность на казахской земле, став первым народным просветителем, неустанно боролся за перемены в обществе, показал пример самоотверженного труда на благо народа. Выдающийся просветитель – демократ второй половины ХІХ века – Ибрай Алтынсарин занял большое место в истории процветания общественной мысли Казахстана. Особое внимание он уделял вопросам обучения, воспитания подрастающего поколения. И.Алтынсарин предложил основные подходы и пути решения социально – педагогических проблем в Казахстане.

Ключевые слова: просветительская работа, учебно – воспитательная, первичная, просветительная, мысль, воспитание поколения, основные принципы, система образования.

Abstract

The article analyzes the contribution of the ardent patriot I. Altynsarin to the formation of the education system in Kazakhstan, who for the first time took up public education and worked continuously on this path until the end of his life. The great son of the Kazakh people Ibrai Altynsarin, carrying out educational activities on the Kazakh land, becoming the first national educator, tirelessly fought for changes in society, showed an example of selfless work for the benefit of the people. An outstanding educator – democrat of the second half of the nineteenth century – Ibrai Altynsarin took a great place in the history of the prosperity of public thought in Kazakhstan. He paid special attention to the issues of education, upbringing of the younger generation. I. Altynsarin proposed the main approaches and ways to solve socio – pedagogical problems in Kazakhstan.

Key words: educational work, educational, primary, educational, thought, generation education, basic principles, education system.

Қазақ деген дана халықтың киелі топырағында, кең байтақ жерінде елім, жерім, қазағым дейтін алты Алашты ауыздарына қаратқан небір азаматтар ғұмыр кешті. Әрине, олардың жүріп өткен жолы, жасаған еңбектері, елі мен жері үшін күрескен азапты күндері, ұйқысыз түндері тарихтан біздерге етене белгілі. Әр кезең үшін туылатын перзенттер болады. Өз туған халқының жүрек түкпіріне ұмытылмайтын із қалдыру үшін, еліне шын жанашыр ерлер қазақ халқында аз болмады.

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқынан шыққан халық ағартушыларының бірі, ірі жазушы, тамаша ұстаз, қазақ балалар әдебиетінің атасы. Ол 1841 жылы 20 қазан да қазіргі Қостанай облысы, бұрынғы Аманқарағай болысы, Затабол ауданында дүниеге келді. Ыбырай өз әкесі Алтынсаридан

4 жасында жетім қалды. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Ыбырай атасы Балқожаның тәрбиесінде болады. Балқожа кішкентай немересі Ыбырайды 1850 жылы, 23 тамызда Орынбор қаласында жаңадан ашылған мектепке оқуға берген. Ыбырай жас кезінен – ақ өте зерек болып, сабақты үнемі үздік оқиды. Атасы Балқожаның оқушы Ыбырайға өлеңмен жазған мына бір өсиет сөздерін ол бұлжытпай орындаған еді.

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.

Атаң мұнда, анаң мен есен – аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңа сағындым деп асығарсың,
Оқуға көңіл бөлсең, басыларсың,
Ата – анаңды өнер білсең, асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрасың... – дейді. [5, б. 79]

Жас шәкіртке оқудағы мақсат не екенін түсіндіреді. Атасының өсиетін бұлжытпай орындаған Ыбырай мектепте оқып жүрген кезінің өзінде – ақ, орыстың атақты жазушыларының еңбектерімен танысып, олардың шығармаларын көп оқитын болған. Ыбырай бұл мектепте жеті жыл оқып, 1857 жылы бітірді. Мектепті бітірісімен халық ағарту ісімен айналысады. Әкімшілік қызметке, шен – шекпенге қызықпайды. Ғылыммен қаруланған, әсіресе дұрыс көзқарасы бар оқушылар қазақ арасында көбейіп бүкіл халыққа әсер ете алады деп Алтынсарин өз халқына дұрыс бағыт сілтеді. Қазақ баласының сауатын ашып, әр қазақтың баласы білім айдынында еркін самғауы керек деп Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға, ізгілікті, мейірімді, еңбекқор болуға, өз халқын сүйуге тәрбиелейтін педогог жолын бастаған. Қазақ елі Ыбырай Алтынсаринді қазақ педагогикасының негізін салушы, прозаик және ақын деп қана білмей, қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушы деп те таниды. Ыбырай – қазақ балаларын, жалпы қазақ ұрпағын сауатты әрі білімді болуын қалаған адам. Алтынсарин ұлттың бала тәрбиесінде өз халқының тұрмысы мен өмірінің тарихи ұлттық ерекшелігіне сәйкес келу идеясын ұсынған. Сонымен қатар, ол қазақтың жарқын болашағына асқан үмітпен қарады.

Ыбырай мектеп тәрбиесін жоғары бағалап, оның оқытушыларының сапасына да ерекше көңіл аударды. Жақсы мұғалімді дүниедегі ең қымбат көретін адамы санайды. Ұлы педагог – ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер – білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Ол қазақ балаларын білімге баулып, олардан болашақтың иелерін даярлауды бірінші мақсатым деп санады.

Өнер – білім – бәрі де
Оқуменен табылған...

Кел, балалар, оқылық! – деп жар салды.

Ыбырай болыс мектептеріндегі бірінші бөлімнің оқыту бағдарламасының әрбір ауыл мектептерінде болуын қалады және соған қол жеткізе алды. Нақтырақ айта кетсек, ол қазақ қоғамының сауатын ашу тек бастауыш деңгейінен қалып қоймау керектігін алға тартқан. Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог – жазушы, құнды шығармалардың авторы – Спандияр Көбейұлы. Ыбырай ұстазының жолынан үлгі алып, ағартушылық идеясын педагогтік қызметі арқылы насихаттаған. Және де сол бағытта Спандияр Абай мен өз ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық идеяны әрі қарай жалғастырды және жаңа жағдайға лайық дамытуға өз үлесін қосты. Ыбырай Алтынсарин қазақ жерінде оқу – ағарту ісін жүзеге асырып, тұңғыш халық ағартушысы атанып қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсетті, бүгінгі күнде білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсаринның жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр десек қателеспейміз. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой – пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік – педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды.

Ыбырай еңбектері өз алдына жеке жинақ болып он шақты рет басылды. Оның академиялық жинағы шықты. Дүниеге көзқарасы, педагогтық, қоғамдық қызметі өз алдына бөлек зерттелді. Оның педагогтық қызметі мен ағартушылық идеялары туралы Қ.Бисембиев пен Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов зерттеулер жүргізді. Ал шығармалары туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Дербісәлиндер еңбектер жазды. Бұларға қоса, орта мектепке арнап оқулық жазған авторлардың бәрі де Ыбырай творчествосына талдау жасап, оның еңбектеріне тиісті бағаларын беріп келеді. Жазушы шығармашылығын жан – жақты аша түсу қашанда алда тұра бермек [2].

Ежелден бері білім қоғам дамуының негізгі қозғаушы факторы ретінде қарастырылады. Білім беру арқылы біздің балалар өз елінің мәдениетін, ұлттық салт – дәстүрлерін үйренеді, рухани мұраны сақтау идеяларына тереңдеу еніп, жалпыадамзаттық құндылықтарды игереді. Біз тек куәгер емеспіз, біз қоғамның өзгеруіне мобильді және икемді бейімделудің қатысушыларымыз және соның салдарынан біз өзімізді өзгертеміз. 21-ғасырда, Ы.Алтынсариннің идеяларының өзектілігі Спандияр Көбеевтің білім берудің заманауи бағытындағы ағартушылық идеяларының үндестігі туралы сенімді түрде айтып отырғанымыз кездейсоқ емес.

1887 жылдың желтоқсанында Алтынсаринның тікелей көмегімен Спандияр сол мектепке алынады. Кейін 1892–1895 жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте білім алады да, 1895–1897 жыдары Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс – қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Ұстазы Ы.Алтынсаринның қазасынан кейін, Спандияр оның ұстаздық қызмет жолын жалғастыруды арман етіп, Қостанай қаласында жаңадан ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, оны 1901 жылы бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады. Ұстазы Ы.Алтынсаринның ізімен балаларға арналған оқу құралын жазуды қолға алған

С.Көбеев 1912 жылы Қазан қаласында «Үлгілі бала» кітабын бастырады. Бастауыш сынып балаларына арналған бұл оқулықта ол орыс классиктерінің балаларға арналған әдебиет үлгілерін, қазақтың ауыз әдебиеті түрлерін, орыс мысалшыларының еңбектерін кіргізді. Сонымен қатар өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар – әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем тап адамдарының қатыгездігін әшкерелейтін, жетім – жесірді аяуға үндейтін өлендер мен әңгімелер болды.

Бүгінгі таңда мектепті жаңғырту, білім беру жүйесін жаңарту кезеңінде жаңашыл педагог Ы.Алтынсариннің тұлғасына тән жақсы қасиеттерге ие жаңа формация мұғалімдеріне деген қажеттілік туындап, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесінде оның идеяларына деген сұраныс артып келеді. Ең бастысы – жаңашыл мұғалімнің ойы, оның оқушының жеке басын қалыптастыру мен дамытудағы, оны білім мен мәдениетке енгізудегі жетекші рөлі. Тәрбие мен оқытудың мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, принциптерін айқындайтын жетекші факторлар – этнопедагогика, этнопсихология идеялары: «Әр ұлттың балалары өз халқының арасында өмір сүріп, еңбек ететіндіктен, тәрбиеші де оларды ұлттық дәстүр рухында тәрбиелеуге міндетті саналады». Адамгершілік тәрбиесінің факторлары: отбасы мен мектеп, және тәрбиешінің тұлғасында. Меніңше оқытудың табысты болуы үшін екі дидактикалық қағида негізделеді: оқу түсінікті және қызықты болуы керек, оқуда оқушының рухани күші үшін қолайлы жағдайлардың болуы. Бірақ бұл оқу оңай болуы керек дегенді де білдірмейді. Оның қиындығы оңтайлы болуы және баланың қызығушылығын да ескеруі керек. Қазіргі білім беру жүйесінде шығармашылық ойлауы жоғары, озық, инновациялық технологияларды меңгерген, эксперименттік – тәжірибелік іс – әрекеттермен айналысатын ұстаз ең басты рөлге ие. Бүгінгі таңда мұғалімнің кәсіби шеберлігі ғана емес, оның білім алуға, біліктілігін арттыруға деген ұмтылысы да жоғары бағаланады. Білімді ұстаз оқушының қарапайымнан күрделіге, белгіліден белгісізге, жақыннан алысқа өтуіне барлық жағдайды жасайды.

Қазіргі сабақтың, әсіресе, дәстүрден тыс сабақтардың түрі де әдіс – тәсілдері де көп. Оның қайсысын таңдап алсақ та, сабақ үрдісінде педагогика ғылымының даму тарихында дәлелденген дидактикалық негізгі талаптары мен сабақтың құрылымы қатаң сақталуы керек. Жаңа технологияларды пайдаланудың ерекшелігі – тек стандартта берілген білімді меңгерту ғана емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін қалыптастыруға, шығармашылық икемділігін дамытуға, оқушының өз бетімен іздену жұмыстарын жүйелі түрде істей білуге бағыттау болып табылады. Баланы оқыту – тәрбиелеу жұмысында Алтынсарин атақты әдіскер – педагогтардың оқыту әдістерін батыл да шебер қолдану нәтижесінде тәжірибесі артты, өзінің дидактикалық көзқарасы қалыптасты. [2, б. 33].

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Өрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Яғни Ыбырай Алтынсаринның ұлы, сара жолын әліде жалғастырып келеміз. Білім беру саласындағы реформалар, әлбетте жаңалықтар, оны тәжірибеге енгізу, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін жылдар керек болады. Ыбырай атамиздың салып кеткен жаңа мектебінде жаңаша оқыту түрі енгізілді. Ондағы әр бала жеке тұлға ретінде қабылданады. Яғни бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін – өзі көрсетудің, мінез – құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Ал негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін – өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Баланың мектептен алатын білімін өмір талабымен қолдануды тамаша ұштастырды. Қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылық ұғымы ағартушы ұстаздың алыстан көрегенділігін тағы да дәлелдей түседі. Оқушы табыстылығын дамытудың шарттарының бірі – өзін – өзі жүзеге асырудың шексіз мүмкіндіктерін ұсынатын қызметке қатысу. Заманауи мектептің басымдықтары әлеумет мүшесі ретінде өзін – өзі таныту, білім алушылардың әлеуметтік – кәсіби өзін – өзі анықтауы, олардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін біле отырып, үздіксіз білім алуына бағдарлану ұмтылысында көрінетін тұлғаның әлеуметтік – прогрессивті түрін қалыптастыру. Алтынсарин бұл туралы өз жазбаларында айтқан, бұл қазіргі мектепке қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ондаған жылдар бойы зайырлы білім беру мен балаларды тәрбиелеудің педагогикалық негізінің өзектілігін алдын – ала болжаған, педагогикалық принциптер соншалықты жан – жақты және уақыттан озып, көптеген жылдар өтсе де, әлі де өзекті. Ыбырай Алтынсариннің мұрасы, оның қызметі мен еңбектері ХХІ ғасырда теңдесі жоқ деп есептеймін! Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, ағартушы, ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Спандияр Көбеевтің мұғалімге қойылатын негізгі талаптар: кәсіби шеберлік, балаға деген сүйіспеншілік, тілді тамаша меңгеру және жақсы сөйлеу, баланың жеке басына құрметпен қарау деп санаған. Сондықтан да жас ұрпақтың тәрбиесі, педагогика туралы әр дәуір ғалымдарының көзқарасы қашанда өзекті болып табылады. Балаларды шығармашылықпен ойлауға, олардың рухани қажеттіліктері мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, отансүйгіштікке баулу және дарынды тұлғаларды «адасқанына» жол бермей анықтауға деген ұмтылыс – осының бәрі білім беру жүйесін реформалаудың жолын ойластырып, жаңа тәсілдерді дүниеге әкелуде. Осы кезеңдерде адами капиталдарды дамыту, озық ойлы, бәсекеге қабілетті саналы ұрпақ тәрбиелеп қоғамға қосу, талапқа сай білім беру – мемлекетіміздің ең басты ұстанымдарының қатарында.

Спандияр Көбеев ұзақ жылдар бойы ағартушылық жұмыспен айналысып, жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісімен шұғылданды, қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ол өзінің ұзақ та жемісті ұстаздық еңбек жолын «Орындалған арман» атты мемуарлық кітабында баяндады. Мұнда автор өз көзімен көрген екі өмірдің қарама – қарсы бейнесін, басынан кешірген оқиғаларды баяндау арқылы көрсетеді. Кітаптың революция алдындағы қазақ өмірі шындығының талай – талай көріністерін және сол оқиғаларға жазушының өзі қалай араласқанын, оның қандай көзқараста болғанын байқауға болады. Мемуардың соңғы тарауы жазушының совет дәуіріндегі өмірі мен еңбегіне арналған.

Ағартушылық идеялар Ы.Алтынсарин сол кезең үшін де, қазіргі кезде де өзекті және жаңашыл болып қала береді. Алтынсарин мұрасы баға жетпес мұра. Ыбырай Алтынсарин туған қазақ ортасының да, патша әкімшілігінің де қарсылығын еңсеруге мәжбүр болған, Ресейде алған білімі үшін ризашылық білдіріп, оның қазақтарға бағынышты Халық ретінде көзқарасына наразы болып, өзінің тәуелсіз құндылықтар жүйесін дамытты. [4, б. 26]

Қорытындылай келе, халық ағарту ісінің дәйекті күрескері болған Ыбырай Алтынсариннің және өзінің өкше басары деп таныған, білген мен көргенін үйреткен шәкірті С.Көбеевтің ілімдері өз алдына дербес педагогикалық жүйе болып табылады. Дала ұстазының педагогикалық қағидалары, ұстанымдары, идеялары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ. Ендеше, қазіргі дамыған отыз елдің қатарына кіру идеясы да ұлы ағартушының халқымыздың өзге озық білімді елдердің қатарына қосылу бағытына жұмсаған күш – қуатымен үндесіп жатқаны анық. Елбасы Н.Ә.Назарбаев та «Жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту» деп атап көрсеткеніндей, болашақты болжай білген ұлы тұлғаның көкейтесті мәселесі де қазаққа білім беру, ғылымды дамыту болған. Әсіресе, Ы.Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге көп көңіл бөлген. Ұлы ағартушының ізбасары С. Көбеевтің кезінде жоғары бағаланып, өз дәуірінің прогресшіл талап – тілектеріне жауап беруге тырысқан, орыс мәдениетінің жаршысы бола білген және ұлттық әдебиетте тұңғыш роман жазған Спандияр Көбеевтің есімі ХХ ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихынан құрметті орын алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә. Ламашев «Ыбырай Алтынсарин» (Семинарий). Алматы. Ана тілі, 1991 ж.
2. К.Б. Жарикбаев «Психологические взгляды И.Алтынсарина: исследуются на основе первоисточников» // Нач. школа Казахстана. 2002 г. № 1
3. Г.Е. Рысбекова «ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы» – Алматы. 2001 ж.
4. http://bilimdiler.kz/akin_zhazushi/11 – spandiyar – kbeev.html
5. Қазақ әдебиеті оқулығы. ЖМБ. Алматы «Мектеп» 2010 ж.